

Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құны мен көлемін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 қазандағы № 459 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 қазанда № 37302 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 25-бабының 2-тармағы 9) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы Ереженің 15-тармағы 452-3) сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құны мен көлемін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Су ресурстары

және ирригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология

Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құны мен көлемін есептеу әдістемесі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құны мен көлемін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 25-бабының 2-тармағы 9) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы Ереженің 15-тармағы 452-3) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Әдістеме жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды бұру және тазарту жөніндегі қызметтерге ашық және экономикалық негізделген қалыптасуын қамтамасыз етуге және жаңбыр суын, су жинау алаңы, ағын коэффициенттері және өзге де техникалық сипаттамалар туралы нақты деректер негізінде көрсетілген қызметтердің көлемін айқындауға бағытталған көрсетілетін қызметтердің құнын есептеуді айқындайды.

Осы Әдістеме елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәрізі жүйесіне қосылған және оған жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаж суларын бұратын нөсер (дренаж) кәрізінің меншікті жүйелері болған кезде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қолданылады.

2. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) нөсерлі кәріз жүйесі – кәсіпорындардың және елді мекендердің қоныстану аймақтарынан, жол жабынынан жаңбыр, еріген қар, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды бұруға және тазартуға арналған жабық және ашық құрылыстар;

2) нөсер кәрізінің жабық жүйесі – елді мекендер аумағынан және өнеркәсіп кәсіпорындарынан арық-науалардан, қарау құдықтарынан ағатын жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару жуу, дренаждық сулардың ағынын қабылдайтын құбырлардың, нөсер қабылдайтын құдықтардың жерасты желісі;

3) нөсер кәрізінің ашық жүйесі – арық-науалардан, су бұру арықтарынан (кюветтер, арықтар және т. б.), өтпелі құбырлар мен көпірлерден тұратын басқа да осындай құрылғылардың көшелері қиылысатын жерлердегі су ағызу жүйесі;

4) ағын – жаңбыр немесе қар түріндегі атмосфералық жауын-шашын нәтижесінде қалалық аумағында бетіне түсуі салдарынан пайда болатын ағын. онда судың бетіне түскен бөлігі буланады, бір бөлігі оның барлық тегіс емес жерлерін толтыра отырып, бетін ылғалдандырады, бір бөлігі топыраққа сіңеді. Судың қалдық бөлігі "беткі ағын" деп аталады;

5) елді мекендер мен өнеркәсіп кәсіпорындарының аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаж суларын қабылдауға пайдаланушы ұйыммен шарт жасасқан, нөсер кәрізі жүйелеріне тікелей қосылған, меншігінде, шаруашылық жүргізуінде немесе жедел басқаруында объектілері, нөсер кәрізі жүйелері бар абонент-заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға құрмаған кәсіпкерлер;

6) қосалқы абонент – осы Қағидалардың "абонент" ұғымында аталған, пайдаланушы ұйым абонентінің нөсер кәрізі жүйесіне абонентпен шарт бойынша сарқынды суларды бұратын тұлға;

7) пайдаланушы ұйым – елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан елді мекеннің нөсер кәріз жүйесіне ағатын жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару жуу, дренаждық суларды қабылдауды жүзеге асыратын кәсіпорын және осы жүйелерді пайдаланатын (ұйым);

8) нөсер кәрізі жүйелерінің өткізу қабілеті - нөсер кәрізі жүйесінің желіні бір рет толтырудың шекті кезеңдерінде жауынның есептік мөлшерін өткізу мүмкіндігі, нөсер кәрізі жауын ағыны шығынының бір бөлігін ғана өткізуі тиіс, оның қалған бөлігі көшелердің жүру бөлігін уақытша су басады және еңіс болған жағдайда оның науаларымен ағады, бұл ретте көшелердің су басу биіктігі жертөле және жартылай жертөле үй-жайларын су басуға жол берілмейді;

9) жол берілетін төгінділер нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және уақыт бірлігіне төгінділерге барынша жол берілетін (рұқсат етілген) жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаж суларындағы ластаушы заттардың не ластаушы заттар қоспаларының мөлшері (массасы) ретінде айқындалатын экологиялық норматив;

10) сарқынды сулардың нормативтен тыс төгілуі – көлемі мен құрамы бойынша нөсер кәрізінің белгіленген нормативтерінен асатын елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан елді мекеннің нөсер кәріз жүйесіне ағатын жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару жуу, дренаждық суларды және ластаушы заттарды ағызу;

11) сарқынды сулардың сапалық құрамы – ластаушы заттардың тізбесін және олардың шоғырлануын қамтитын сарқынды сулардың сипаттамасы.

12) қызметтің нақты көлемі – Қазақстан Республикасының Ұлттық гидрометрологиялық қызметінен алынған нақты деректерге не сарқынды суларды

қабылдау орындарында белгіленген есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес қабылданатын, мәлімделген кезеңге ұқсас өткен жылғы кезең үшін бөлінген және тазартылған жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару жуу, дренаждық сулардың көлемі;

13) қызмет – елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесіне елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағынан ағатын жаңбыр, еріген, инфильтрациялық, суару жуу, дренаждық суларды бұру және тазарту;

14) көрсетілетін қызмет құнының шығынды әдісі – субъектінің баптар бойынша айқындалған, экономикалық негізделген шығындары мен пайдасына қарай көрсетілетін қызмет құнын қалыптастыру әдісі;

15) қызмет құнының шығын бөлігі – қызмет құнын анықтау кезінде ескерілетін пайдаланушы кәсіпорынның қызмет көрсетуіне байланысты шығындар жиынтығы. Бұл шығындар қызметтің өзіндік құнынан және кезең шығындарынан (жалпы және әкімшілік шығыстар, сату бойынша шығыстар, сыйақылар төлеу бойынша шығыстар) тұрады;

16) қызмет құнының шығын бөлігіне енгізілетін шығындар түрлерін шектеу – қызмет құнын бекіту кезінде ескерілмейтін шығындар тізбесін белгілеу;

17) дренаждық кәріз – жекелеген ғимараттар мен құрылыстарды жер асты суларының басып қалуынан сақтайтын және оларды нөсерлі кәріз жүйесіне бұратын кәріз желілері;

18) пайданың жол берілетін деңгейі - құн құрамына кіретін және субъектінің қызмет көрсету кезінде тартылған активтерінің теңгерімдік немесе қайта бағаланған құнын және бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті пайда ставкасын ескере отырып айқындалатын және осы Қағидаларға сәйкес есептелетін, қызмет көрсету бойынша тиімді жұмыс істеу үшін субъектінің алуға құқығы бар пайда (таза кіріс);

19) сарқынды сулар – адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын немесе ластанған аумақта түзілетін сулар:

өндірістік немесе тұрмыстық мұқтаждықтарға пайдаланылған және бұл ретте судың бастапқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгерткен ластағыш заттардың қоспалары қосымша қосылған сулар;

елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суы, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық сулар;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ілеспе алынған жерасты сулары (карьер, шахта, кеніш сулары, көмірсутектермен ілеспе алынған кабаттық сулар);

3. Қызмет құны жергілікті атқарушы органмен келіскеннен кейін пайдаланушы ұйыммен 10 күнтізбелік күн ішінде бекітіледі.

4. Қызмет құны жыл сайын есептеледі.

5. Шығарылатын және тазартылатын сарқынды сулардың жылдық көлемі теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында орнатылған есептеу аспаптарының көрсеткіштеріне, сондай-ақ метеорологиялық бақылаулардың деректерін, ағын коэффициенттерін және осы Әдістемеде келтірілген көлемдер есебінің негізділігін растайтын, басқа да техникалық көрсеткіштерді қолдана отырып есептеулерге сәйкес айқындалады.

2-тарау. Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу

1-Параграф. Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құнында ескерілетін шығындар

6. Қызмет құнына қосылатын шығындарды реттеу осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес олардың экономикалық негізділігін ескере отырып, қызмет құнында ескерілетін шығындардың түрлері мен мөлшерін шектеу арқылы жүзеге асырылады.

7. Қызмет құнының шығын бөлігінің өндірістік шығындарына мыналар кіреді:

- 1) материалдық шығындар;
- 2) өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындар;
- 3) амортизация;
- 4) негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеу шығындары;
- 5) қызметке тікелей қатысты басқа өндірістік шығындар.

8. Тарифтің шығын бөлігі кезеңінің шығындарына мыналар кіреді:

- 1) әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындар;
- 2) сақтандырудың міндетті түрлеріне арналған шығындар, салықтар;
- 3) амортизация;
- 4) басқа әкімшілік шығындар;

5) объектілерге реконструкциялауды және жаңғыртуды жүргізу үшін қарыз қаражаты үшін сыйақы төлеуге арналған шығындар.

9. Қызмет құнының шығын бөлігінің өндірістік шығындары шығын бөлігіне мынадай түрде енгізіледі:

1) шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығындар, нақты көрсеткіштерге сүйене отырып айқындалады, алайда олар сумен жабдықтау және су бұру саласында қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде өндірілген өнімнің (көрсетілетін қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған

шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның (бұдан әрі - материалдық ресурстар) қажеттілігін және сатып алудың нақты нәтижелері бойынша айқындалған материалдық ресурстардың бағаларын есептеуден аспайды.

сумен жабдықтау және су бұру саласында қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық шығындардың есептеулеріне сәйкес нормативтік техникалық шығындардың деңгейіне байланысты шығындар.

2) кәсіпорын қызмет құнын есептеу алдындағы бір жылдағы немесе төртінші тоқсандағы экономикалық қызмет түрлері бойынша статистикалық деректерге сәйкес қызмет көрсететін кәсіпорын персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына және өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) орташа айлық жалақыға сүйене отырып, қызмет құнын қалыптастыру кезінде өндірістік персоналдың еңбекақы төлеу шығындары

Жаңа нысандарды, қуаттарды енгізу және өзге де іс-шараларды іске асыру кезінде, жаңа нысандар үшін өндірістік персоналдың еңбекақы төлеу шығындары өндірістік персоналдың нормативтік санына қарай айқындалады.

Бұл ретте, персонал санының, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның қажеттілігін есептеу және техникалық шығындарды есептеу сумен жабдықтау және су бұру саласында қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорын қызметінің құнын есептеуде экологиялық апат және радиациялық тәуекел аймақтарында тұрғаны үшін қосымша төлемдер болмаған кезде орташа айлық жалақыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті қосымша төлемдер қолданылады.

3) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) кәсіпорын жөндеуге жіберетін, негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін қаражат осындай жұмыстың қажеттігі туралы растайтын құжаттардың негізінде шығын бөлігіне енгізіледі;

5) көрсетілетін қызметке тікелей жататын өзге де өндірістік шығындар салалық ерекшеліктерді ескере отырып, растайтын құжаттар негізінде шығын бөлігіне енгізіледі

10. Қызмет құнының шығын бөлігінің әкімшілік шығындары шығын бөлігіне мынадай түрде енгізіледі:

1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығындары кәсіпорын персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына және кәсіпорын қызмет көрсететін өңірдегі (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) орташа айлық жалақыға сүйене отырып, экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жылдағы немесе қызмет құнын есептеудің алдындағы төртінші тоқсандағы статистикалық деректерге сәйкес айқындалады

Егер кәсіпорын қызмет құнын есептеген кезде экологиялық апат және радиациялық қауіпті аймақтарда тұрғаны үшін төленетін қосымша төлемдер болмаған жағдайда, орташа айлық жалақыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті қосымша төлемдер қолданылады

2) сақтандырудың міндетті түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығындар Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерлемелерге сәйкес айқындалады;

3) өндірістік емес сипаттағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) басқа әкімшілік шығындар салалық ерекшеліктерді ескере отырып, растайтын құжаттар негізінде қызмет құнының шығын бөлігіне енгізіледі.

Әкімшілік шығындарға салалық ерекшеліктеріне мердігерлік тәсілмен жүргізілетін консалтингтік, маркетингтік қызметтер және жөндеу жұмыстары, басқа ұйымдар жүзеге асыратын қызметтер, іссапар шығындары, әкімшілік персоналдың байланыс қызметтері, мерзімді баспасөзге жазылу, қызметтік автокөлікті ұстауға, ақпараттық, консультациялық қызметтерге арналған шығындар жатады.

Табиғатты қорғауға арналған шығындар, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдер және мөлшерлемелер мен алымдардың мөлшері ескеріле отырып айқындалады.

Кодекстің 104-бабына сәйкес нөсерлі кәріз жүйесінің техникалық аудитін жүргізуге арналған шығындар.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыруға арналған шығындар осындай қажеттілікті растайтын құжаттарды ұсыну кезінде шығындарда ескеріледі.

5) нөсерлі кәріз жүйесін қайта жаңғырту және жаңарту жобаларын іске асыру үшін меншікті және жеңілдетілген кредит беру қаражаттары есебінен тартылған негізгі қарыз бен сыйақыны өтеуге арналған шығындар;

6) нөсерлі кәріз жүйесін қайта жаңғырту және жаңарту жобаларын іске асыру үшін қарыз қаражаты үшін сыйақы төлеу шығындары банкпен жасалған шарт (негізгі борыш пен пайыздарды өтеу кестесі қоса беріледі) болған жағдайда кезең шығындарына енгізіледі және мынадай тәртіппен айқындалады:

жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынатын қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге арналған шығындар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде есептелген соманың шегінде қызмет құнын есептеу кезінде ескеріледі;

жобаны іске асыру үшін шетел валютасында алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге арналған шығындар Лондон банкаралық нарығының төрт еселенген мөлшерлемесін қолдана отырып есептелген сома шегінде қызмет құнын есептеу кезінде ескеріледі.

Шетел валютасында алынған қарыз қаражаты үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштері және Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштері негізінде шетел валютасына теңге бағамының болжамды өзгерісі ескеріле отырып, қызмет құнының шығын бөлігі кезеңінің шығындарында ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі және Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі қызмет құнын бекіту жөнінде шешім қабылданған күні қолданылады.

11. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары есептеудің тікелей (біркелкі) әдісі бойынша есептеледі және қызмет құнының шығын бөлігіне енгізіледі.

Көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде тартылған активтерден амортизациялық аударымдар қызмет көрсетуде пайдаланылатын тіркелген активтерге капитал салымдарына, нөсерлі кәріз жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыруға және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруға байланысты мақсаттарға жіберіледі.

12. Жергілікті атқарушы орган қызметтің сол немесе ұқсас түрімен айналысатын кәсіпорындардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындарды салыстырмалы талдау негізінде, сондай-ақ кәсіпорынның көрсетілетін қызметтерінің көлемі қысқарған жағдайда қызмет құнына енгізілетін әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындарды төмендету немесе арттырудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

Қызмет құнын қалыптастыру кезінде жергілікті атқарушы орган кәсіпорын қызметінің тиімділігі төмендеген кезде (ұсынылатын қызмет бірлігінің өзіндік құнын ұлғайту, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін азайту, кредиторлық және дебиторлық берешекті ұлғайту) шығындар сомасын өзгертудің орындылығын анықтайды

13. Кәсіпорын қызметінің құнын қалыптастыру және бекіту кезінде шығын бөлігінде мынадай шығындар ескерілмейді:

тауарлық-материалдық құндылықтар мен қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне, өндірістік емес шығындарға;

қызмет көрсету кезінде пайдаланылмайтын немесе кәсіпорынның теңгерімінде жоқ негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

жалға, сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдаланғаны үшін төлемге, операциялық лизинг бойынша төлемдерге;

Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17, 18 және 18-1-баптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты негізінде қызмет көрсету үшін пайдалануға алынған негізгі құралдарды

ұстауды және жөндеуді қоспағанда, субъектінің теңгерімінде жоқ негізгі құралдарды ұстауға және жөндеуге;

ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары үшін төлемдер;

сот шығындары;

үмітсіз қарыз;

шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың түрлері;

табысты жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

жымқыру шығындары;

қызмет көрсету үшін пайдаланылатын негізгі құралдардың, материалдардың ақауынан болған шығындар;

қызмет көрсететін өндірістер мен шаруашылықтарды күтіп ұстау бойынша (үй-жайларды тегін ұсыну, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтердің құнын төлеу);

құзыретті органмен келісілген технологиялық қажеттіліктен басқа, денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, оқу орындарын, кәсіптік-техникалық училищелерді күтіп ұстауға;

сауықтыру лагерлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын күтіп ұстауға;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды (демалыс кештерін, спектакльдерді, концерттерді өткізу) өткізуге;

кәсіпорын қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығын алуға берілген несиелерді (пайызсыз несиелерді қоса алғанда) өтеуге;

бау-бақша серіктестіктерін абаттандыру бойынша (оның ішінде жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);

дәрістер, көрмелер, пікірталастар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, , қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүшелік жарналарға;

өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын өнімді қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама бойынша, жарнамалық, плакаттық және типографиялық өнімдерді шығару бойынша;

кәсіпорын персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды, жатақханалар мен қонақ үйлердегі орындарды сатып алуға, жалға алуға және күтіп-ұстауға (өндірістік шығындарға енгізілген көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін технологиялық қажетті өндірістік персонал үшін темір жол айрықтарындағы қызметтік тұрғын үй-жайларды күтіп-ұстауға арналған шығындарды қоспағанда);

қаланы абаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету;

білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлердің еңбек демалысын төлеуге;
жұмыс қорытындысы бойынша сыйлықақыға және сыйақының нысандарына;

кәсіптік ауруларды оңалтумен байланысты шығындардан басқа, кәсіпорын қаражаты есебінен қызметкерлерге және олардың балаларына емделуге, демалуға, экскурсияға жолдама төлеу бойынша;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емханалардың қызметтеріне ақы төлеу бойынша;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындар өз қызметкерлерінің пайдасына жасаған жеке және мүлктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар);

қызметкерлерге, оның ішінде бала тәрбиелеп отырған әйелдерге қосымша берілген (заңнамада көзделгеннен тыс) еңбек демалыстарын төлеу бойынша қызметкердің отбасы мүшелерінің еңбек демалысын пайдалану орнына барып-қайту жолақысын, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлеу бойынша;

демеушілік көмектің барлық түрлерін ұсынуға;

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделгеннен басқа, субъект қызметкерлеріне жеңілдіктер (қызметкерлерге тегін немесе төмендетілген бағамен тамақ беру, денсаулық топтарына абонементтерге, секцияларда, клубтарда сабақтарға ақы төлеу, протездеу);

мерейтойлық күндерге немесе қызметкерлерге көтермелеу түрінде берілетін сыйлықтарды сатып алуға (автомашиналарды, пәтерлерді, ұзақ мерзімді пайдаланылатын заттарды қоса алғанда, сондай-ақ қызметкерлердің дербес шоттарының пайыздық мөлшерлемелерін ұлғайтуға);

мектепке дейінгі мекемелердегі, шипайжайларға және сауықтыру лагерьлеріндегі балаларға тамақтану құнын өтеуге;

абоненттерден төлемдерді қабылдау бойынша банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтеріне;

ұжымдық шартта айқындалған мақсаттарға кәсіподақтарға аударымдар;

тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді дайындауға және сынауға байланысты (қызмет көрсетуде қолданылатын жұмыстарды, көрмелерді, байқауларды, конкурстарды және өнертапқыштық пен рационализаторлық жөніндегі басқа да іс-шараларды ұйымдастыруды, авторлық сыйақылар төлеуді қоспағанда);

қызметті өндіруге және көрсетуге қатысы жоқ сондай-ақ қызметтің құнын арттыруға әкелетін шығындар.

14. Жұмыс қорытындылары бойынша, жалақыға сыйлықақы беруге және сыйақының түрлеріне, ұжымдық шарттың талаптарын орындауға арналған шығыстар қызмет құнының шығын бөлігіне енгізілмейді және мынадай көздер есебінен жүзеге асырылады:

1) қызметке жатпайтын қызметтен алынған кірістер;

2) әкімшілік және өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды үнемдеу;

3) неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындылары бойынша немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған нөсерлі кәріз жүйесін реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі іс-шараларға көзделген шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігі.

15. Мемлекеттік бюджет қаражатынан кәсіпорынға бөлінетін субсидия қызмет құнының шығын бөлігінде ескерілмеген шығындарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, қызмет құнының шығын бөлігін азайтуға ескеріледі.

16. Жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды бұру және тазарту бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар үшін пайда мөлшерлемесі жиырма пайыздан аспайтын мөлшерде қабылданады.

Кәсіпорынға мемлекеттік бюджет қаражатынан субсидиялар бөлу кезінде пайда қаржыландыру көздері ретінде амортизациялық аударымдар мен қарыз қаражаттарын пайдалануды ескере отырып, жобаларды іске асыру үшін қажетті деңгейге дейін төмендету жағына түзетіледі.

Егер қызмет құнының жоспарлы деңгейі қосылған құн салығынсыз текше метр үшін екі жүз теңгеден асатын болса, пайда мөлшерлемесі қызмет құнын бекіту күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде қабылданады.

2-Параграф. Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын шығындық әдісін қолдана отырып есептеу

17. Жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C = \frac{3}{V_{\text{жалпы}}},$$

мұндағы:

C-бұрылатын және тазартылатын судың 1 м³ үшін қызмет құны (теңге/м³);

3-нөсерлік (дренаж) кәріз жүйесін күтіп ұстауға, пайдалануға және қызмет көрсетуге арналған экономикалық негізделген шығындардың жылдық сомасы (теңге);

Vжалпы- бұрылатын және тазартылатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық сулардың жылдық көлемі (м³).

18. Бұрылатын сарқынды сулардың жылдық жиынтық көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{жалпы}} = V_{\text{жаң}} + V_{\text{ері}} + V_{\text{инф}} + V_{\text{дренаж}},$$

Мұндағы:

Vжалпы-бұрылатын сарқынды сулардың жылдық жиынтық көлемі,

Vжаң-жаңбыр суының жылдық көлемі,

Vтал-еріген судың жылдық көлемі,

Vинф-инфильтрациялық сулардың жылдық көлемі,

Vдренаж - дренажды сулардың жылдық көлемі,

3-Параграф. Елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын бюджет қаражатын ескере отырып есептеу

19. Нөсерлік (дренажды) кәріз жүйесін пайдалануға, күтіп ұстауға, жөндеуге немесе жаңғыртуға байланысты шығыстарды толық немесе ішінара қаржыландыруға бюджет қаражатын бөлу кезінде көрсетілетін қызметтер құнын есептеу бөлінген бюджеттік қаржыландыру мөлшеріне экономикалық негізделген шығындар сомасының азаюы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

20. Бұл ретте, қызмет құнын есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады :

$$C = \frac{З - Б}{V_{\text{жалпы}}},$$

мұндағы: C — бұрылатын және тазартылатын сарқынды сулардың 1 м³ үшін қызмет құны (теңге/м³);

З — экономикалық негізделген шығындардың жылдық сомасы (теңге);

Б — қызметтер құнын есептеу кезінде шегеруге жататын шығындардың бір бөлігін жабуға бөлінген бюджет қаражатының сомасы (теңге);

Vжалпы — бұрылатын және тазартылатын сарқынды сулардың жылдық көлемі (м³).

21. Бюджет қаражатын күрделі шығындарға (құрылыс, реконструкция, жаңғырту) бөлу кезінде көрсетілетін қызметтер құнының есебі ұсынылатын қызметтерге арналған

есебінен жабылуға жататын пайдалану (операциялық) шығындарын ескере отырып жүзеге асырылады.

22. Амортизациялық құралдар есебінен нөсерлік (дренаж) кәріз жүйесіне күрделі жөндеу жүргізуге байланысты шығыстар негізгі құралдардың құнын қалпына келтіруді және жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында экономикалық негізделген шығындардың құрамына енгізілуге жатады.

23. Күрделі жөндеуге арналған шығыстарды есепке алу мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) объектілерді пайдалы пайдалану мерзімі ішінде күрделі жөндеу жүргізу кезінде күрделі жөндеу құны есептік кезеңнің жылдары бойынша біркелкі үлестермен бөлінуге жатады;

2) ұйымның меншікті қаражаты есебінен күрделі жөндеу жүргізу кезінде бұл шығыстар күрделі жөндеу арасындағы кезеңге арналған жылдық шығындардың құрамына енгізіледі;

3) бюджет қаражаты есебінен күрделі жөндеу жүргізу кезінде күрделі жөндеу құны есебіне енгізілмейді;

4) күрделі жөндеу кезеңділігі объектілерді техникалық пайдалану жөніндегі нормативтерге немесе техникалық аудитке сәйкес белгіленеді.

Тарифке енгізуге жататын күрделі жөндеудің жыл сайынғы үлесін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{\text{жыл}} = \frac{K}{T_{\text{кж}}},$$

мында: $K_{\text{жыл}}$ — күрделі жөндеуге арналған шығыстардың жыл сайынғы сомасы (теңге);

K — күрделі жөндеудің жалпы құны (теңге);

$T_{\text{кж}}$ — күрделі жөндеу жүргізу кезеңділігі (жылдар).

24. Жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің қорытынды құны мынадай құрамдас бөліктерді ескере отырып айқындалады:

1) жылдық пайдалану шығыстары;

2) Жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық суларды бұру және тазарту процесіне тартылған негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар;

3) жылдық шығындарға күрделі жөндеу жүргізудің белгіленген кезеңділігіне сәйкес біркелкі үлестермен қосылатын нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі объектілерін күрделі жөндеуге арналған шығыстар.

25. Қызметтерді ұсынуға жылдық шығындардың жиынтық сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Зқорытынды} = \text{ОРЕХ} + \text{А} + \text{Кжыл},$$

мұндағы: Зқорытынды — жылдық шығындардың жалпы сомасы, теңге; ОРЕХ — жылдық пайдалану шығыстарының сомасы, теңге; А — жылдық амортизациялық аударымдар сомасы, теңге; Кжыл — күрделі жөндеудің жылдық үлесі, теңге.

26. Пайдаланушы ұйымның амортизациялық қаражаты есебінен күрделі жөндеу жүргізуді ескере отырып 1 м³ үшін сарқынды суларды бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C = \frac{\text{Зқорытынды}}{V}$$

мұндағы: С — қызмет құны 1 м³, теңге / м³; V—бөлінген сарқынды жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суару-жуу, дренаждық сулардың жылдық көлемі, м.

27. Амортизациялық аударымдардың жылдық сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

